

## **Андатпа**

Бұл дипломдық жоба Алатау қалалық емханасының компьютерлік-коммуникациялық желісін құруға арналған.

Жұмыс барысында, емхана қызметкерлеріне интернет желісінің ресурстарын, жергілікті желілік ресурстарды қауіпсіз және тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін компьютерлік желі жобаланып құрылды. Жобаланған ақпараттық жүйе жеке деректерді қауіпсіз сақтауға және өндеуге мүмкіндік береді. Жүйені құруда заманауи технологиялар қолданылды және компьютерлік желілерді құрудың заманауи талаптарына сай.

Өміртіршілік қауіпсіздігінің сұрақтары қарастырылды, жобаны жүзеге асырудың қажеттілігін және оның нарықтағы құнын анықтайтын технико-экономикалық негізделуіне есептеу келтірілді.